

Облыс әкімдігінің 2004 жылғы 14 маусымдағы "Аз қамтамасыз етілген отбасыларындағы және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жалпы білім беретін мектеп түлектеріне облыстың жоғары оқу орындарындағы оқуына ақы төлеу үшін әлеуметтік көмек тағайындау туралы" N 169/5 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы әкімшілігінің 2005 жылғы 1 тамыздағы N 249/6 қаулысы. Павлодар облысының әділет департаментінде 2005 жылғы 17 тамызда N 3042 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2009 жылғы 25 желтоқсандағы N 236/18 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2009.12.25 N 236/18 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағы 17-тармақшасына сәйкес, жоғары оқу орындарында оқып жүрген аз қамтамасыз етілген отбасынан шыққан, жетім-студенттерге әлеуметтік қолдау көрсету мақсатында облыс әкімділігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Облыс әкімдігінің 2004 жылғы 14 маусымдағы "Аз қамтамасыз етілген отбасыларындағы және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жалпы білім беретін мектеп түлектеріне облыстың жоғары оқу орындарындағы оқуына ақы төлеу үшін әлеуметтік көмек тағайындау туралы" N 169/5 қаулысына (облыс әділет басқармасында 2004 жылғы 18 маусымда N 2621 болып тіркелген, "Звезда Прииртышья" газетінің 2004 жылғы 6 шілдедегі N 78, "Сарыарқа самалы" газетінің 2004 жылғы 8 шілдедегі N 80 сандарында жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

2-тармағындағы "2004 жылғы 5 тамызға дейін" деген сөздер "тиісті жылдың 10 тамызына дейін" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармағы алынып тасталсын;

4-тармағындағы:

1-абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"жергілікті жерлерде еңбек нарығындағы қажеттілікке сәйкес облыстың жоғары оқу орындарында оқуға арналған әлеуметтік көмекті алуға үміткерлерге іріктеу жүргізу жөніндегі комиссиялар (бұдан әрі - үміткерлерді іріктеу жөніндегі комиссиялар) құрылсын";

2-абзацтағы "2004 жылғы 4 тамызға дейін" деген сөздер "тиісті жылдың 15

тамызына дейін" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтағы "2004 жылғы 9 тамызға дейін" деген сөздер "тиісті жылдың 19 тамызына дейін" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтағы "2004 жылғы 15 тамызға дейін" деген сөздер "тиісті жылдың 23 тамызына дейін" деген сөздермен ауыстырылсын;

Облыс әкімдігінің қаулысымен бекітілген аз қамтамасыз етілген отбасыларындағы және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жалпы білім беретін мектеп түлектеріне облыстың жоғары оқу орындарындағы оқуына ақы төлеу үшін әлеуметтік көмек тағайындау қағидалары мынадай мазмұндағы 9-тармақпен толықтырылсын:

"9. Әлеуметтік көмек алушыны жоғары оқу орнынан шығарып жіберген жағдайда төленген әлеуметтік көмек сомасын өндіріп алынбайды".

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Р.М. Жұмабековаға жүктелсін.

Облыс әкімі

Қ. Нұрпейісов